

Б.С. ҚОРҒАНБЕКОВ

БАЛМАҒАМБЕТ БАЛҚЫБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ДӘСТҮР  
МЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

*В связи с препятствием тоталитарного режима, произведения Балқыбайулы не были опубликованы до последних лет. В настоящее время оно ценится тем, что в нашу эпоху пропагандирует ясавийское учение. Так же он последователь поэтов-книжников и абаевской традиции. Благодаря богатому художественному опыту поэт достиг насыщенного новаторства.*

*Sovyet siyaseti sebebile son yıllara kadar eserleri yayımlanmayaan B.Balkibayulupin eserleri Yesevi ilminiz bizim zamashitza ulaşımasyyla kiumetlidir. O İslam devri şairleri ve Abay geleneğini devam etirmiştir.*

1891-1967 жылдар аралығында Ұлытау өңірінде өмір сүріп, шахтада жұмыс істеп, қарашайым ғұмыр кешкен, діни сауаттылығына байланысты ел ішінде «Сары молда» атанған, казақ әдебиеті тарихында өзіндік орыны болуы тиіс қаламгер Балмағамбет Балқыбайулы туындыларының оқырман қауыммен қауышқанына көп бола койған жоқ. Ақын туындыларының халықымен көп табысуының ең басты себептері кеңестік солақай саясат екенін айдан анық. Ақын шығармаларының елеулі бөлігі жарық көрген, журналист Құсыман Игісін баспаға дайындац, 1997 жылы «Таңдем» баспасынан шығарған «Хадис-назым» атты жинақтың таралымы 200 дана-ақ болғандықтан, оны республика жүртшылығының қолына тиді деп айта алмаймыз. 2005 жылы «Алаш мұрасы» сериясының қатарында «Арыс» баспасынан жарық көрген ақын шығармаларының екі томдық жинағы ақын шығармаларын насиҳаттаудағы елеулі табыс болғанымен, бұл бағытта атқарылатын шаралардың әлі де шаш-етектен екені белгілі. Шығармаларының ерекшелігіне орай, ең алдымен Балмағамбет Балқыбайұлының сопылық поэзияға, оның ішінде, Ясауи жолына қатысы айтылуы керек.

Ақынның елең-толғауларының, дастандарының тақырыбы мен көтерген мәселелері, айтпақ ойы ясауда тариқатының негізгі принциптерімен, ұстанымдарымен, шарттарымен тонның ішкі бауындағы астасын жатыр. Сопылық жолдың басты мұраты – Алланың дидарын көру және Оның ризашылығын табу болса, оған жеткізетін ең басты шарт – жүректің тазалығы. Жанмен, тәнмен және малмен (дүние-мұлікпен) жасалатын барлық құлшылықтың нәтижесі – осы таза жүрек болмақ. Сопылық жолда кірленген жүректің тазартқышы – Алланы еске алу, яғни Оны зікір ету. Бұл ұстанымда Құран аяттарын басшылыққа алған Ясауи жолының өкілдері Жаратушыны бір сәт те естен шығармауга әрекет еткен және соны насиҳаттаған.

Осылайша, өз нәпсіңе насиҳат қыл,  
Күмәнсіз басқа түсер ақиқат бұл.

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Кез бұлаш, көңіл хақтан жылаш тұрсын,  
Басқаға хақ зікірінен бармасын тіл, –

дейді Балмағамбет те [1].

Ясауия тариқатында қолданылатын зікірдің үш түрі бар: алқа, ара және құпия зікір. Рухани кемелдікке (камил инсан, толық адам) жету жолында олардың әрқасысының өзіндік орны бар. Бұның ішінде ара, алқа зікірлері дағдылы дene қымылдарымен бірге атқарылады. Бұл дene қымылдары да жүрек тазалығына қызмет етеді. Оның әрбірі оң қабақтың ұшынан жүректің түп жағын нысанана алып, үрудың ишарасын жасаған қымылмен аяқталып отырады. Ясауи жолына тән бұл дәстүр Балмағамбет шығармашылығында айқын көрініс тапқан.

Аллаға күндіз-түні зікір етсең,  
Айтылған тәубадағы шартқа жетсең,  
Жетерсің мақсұтыща махшар күні,  
Дүниеден сол әдеттен өтіп кетсең.

Пенденің ұқсар ділі қара тасқа,  
Тесетін зат жоқ деме, тасты басқа.  
Зікір – қайла, тас – ділге ұрасаң қатты,  
Муафиқ болса ділің ықыласқа.  
Өлімнің келетінін ойға сақташ,  
Толар көзің мөлтілдеп ыстық жасқа.  
Оңдан тарт, ла иллаһа ил алланы,  
Астына ұр, сол емспектің, бұл дұғаны.  
Қалыштан тыншы кетіп шықса ханнас,  
Ойға алар тәфсір керек, мәддүғаны [1,135-136], –

дейді ақын бұл туралы. Осынау санаулы жыр жолдарында Құдайды ұмыту салдарынан адам жүргегінің тасқа айналатыны; ол барлық қатыгездіктің, жауыздықтың себепкері болатыны; Құдайды еске алу, яғни зікір ету арқылы тас жүректің жібіш, жұмсарыш, мейірімге, толатыны; зікір амалдарын барлық шарттарымен, дene қымылдарының ишарасымен (Ясауи жолында оның «чор зарба», «ду зарба» деп аталағын тұрлери бар) дұрыс орындағанда, адамды үнемі азғырыш, жүректе отыратын, Құранда «ханнас» деп аталағын шайтанның жүректі тастай қашатыны сияқты ясауия тариқатында үнемі ескерілетін ақиқаттар көрініс тапқан.

Сопылық жолдағы кемелденудің шаригат сатысынан өтіш, хақиқат жолына түскендер Құдайға деген ғашықтық хал тапқан [2]. Ғашықтық хал Құдай жолындағы барлық қындықтарды ауырсынбай, жеңіл өткөруге себеп болады. Қожа Ахмет Ясаудің:

Хас ғипкынни көрсат мәңа шакир болай,  
Аппа қойса Закариядик закир болай.

Аюб сиғат баласига сабыр болай,  
Нар не қылсаң ғашық қылғыл, паруардигар.

(Шын сүюнді көрсет мәған, шүкір етушіден болайын,  
Арамен кессе, Закариядай зікірші болайын.  
Аюб сиғат бәлесіне сабыр етушіден болайын,  
Не қылсаң да ғашық қылғын, Паруардигар) [3], –

(жолма-жол аударма біздікі – Б.Қ.) деген хикметінен ғашық халіне жетудің қаншалықты маңызды екені аңғарылады. Балмагамбет те ғашықтық ахуал табудың Хаққа жетудің сенімді жолы екенін көрсетеді.

Әй, достарым, келіңіз,  
Жиыльш, зікір салайық. (...)  
Зікірші хақтың досы деп,  
Айтқанына нанайық.  
Хақ жолына ғашық боц,  
Тірідей күйіш, жанайық [4], –

дейді ол. Және де:

Желдетпей тұңжыр тұман апылмайды,  
Желшібей өрен жүйрік басылмайды.  
Аллаға ғашық болған дәруіштер бар,  
Мақсатын түрлі зармен асылдайды [1,333], –

деп бұл ойын дамыта түседі. Ясауи жолын ұстанған дәруіштер Хаққа ғашық болумен бірге, Одан қорку сезімін де жоғалттайды. Ясауи өзінің хикметтерінде Жаратушыны қаншалықты жоғары қойыш дәріштесе, өзін соншалықты тәмен, күнәшар халде көрсетеді. Тіпті ол өзін «Барча қуллар ичіда ғаси қул дур Қожа Ахмет (барша құлдың ішінде күнәшары Қожа Ахмет)» [3,174], – деп те сипаттайды. Енді бірде:

Иуқ мениңдик шум бала ғалам ара,  
Һич болмады мендин риза халиқ, худа.  
Имди болди ахир мине изум қара,  
Уа уилта ауал нига болдим мана?

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

(Дүниеде жоқ мендей бір сүм мен бәле,  
Болмады риза Құдай мен халық және.  
Енді болды ақырында жүзім қара,  
Уа, құдірет, неге солай болдым міне?) [3,160].

Мұндай өзін-өзі құнаңар, аси етіш көрсететін жолдар Қожа Ахмет Ясауиде тіпті көп. Балмағамбетте де:

Пасықтар етті дүниеден,  
Қайырга дүние қимаган.  
Фағылдар етті дүниеден,  
Кесілген аяқ жимаган,  
Шарғы Шариф әмірін  
Құлағына құймаган. (...)  
Абайлласам, бауырлар,  
Осының бәрі басымда.  
Бауырым ед деп езіліп,  
Келмейді көзге жасым да.  
Шұбәсіз нәрсе болмады,  
Іппіп жүрген асымда [4,77], –

деп жырлайды. Сондай-ақ:

Айыштымын Аллаға,  
Толып жатқан мінім бар.  
Жаба тоқыш жауырды,  
Көріп жүрген күнім бар.  
Күңкіліндей күздердің,  
Тұтыш жүрген дінім бар [4,276], –

дейтін кездері де бар. Өзін осылай күнәһар сезінудің Құдай алдыңдағы қорқынышқа жол ашатыны кәміл. Бірақ бұл қорқу дәруішті үмітсіздікке ұрындырмайтында болуы керек [2,18]. Ясауия тариқатында «хауф-рижа» деп аталатын бұл мақамның мәні зор. Көңілді үміт пен қауіш арасында ұсташа – адамның Құдайды ұмытпауына себеп болары хақ. Қауіштен тіпті пайғамбарлар да, әулиелер де құтылмақ емес. «Көңілдің айнасы» кітабында Мухаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың: «Ыңғыластылар (әулиелер) да үлкен қауіш-қатер ішінде», – деген сезін келтіреді [2,36]. Б.Балқыбайұлы да осы мәселеғе айрықша дең қойып, пайғамбарлардың да Құдай алдында жазықты болып, мүшкіл халғе түскен сәттерін жырга қосады. Оның «Пайғамбарлардан мысалдар» деп аталатын топтамадағы «Яхия ғалайссалам» атты өлецінде Яхия (ғ.с.) пайғамбардың қиямет қайым күнінде Құдайға өзін күнөдан пәкпін деп көрсетпек болғанда, өзін басып кетіп, аяғын сындырған құмырсқаның таққан кінәсінен қын жағдайға түскені, сол сәтте бұрын оның бір жолғы

құлшылығы кезіндегі көзінен аққан жасынан қаныш ішіп, шөлден аман қалған шыбындардың шырқырап ара түскендігінен ғана жазадан аман қалғаны баяндалып, мынадай түйін жасайды:

Басқан аяқ, пенденің  
Алған демін санатқан.  
Айламаса рахым,  
Ешнәрсе қалмас санақтан [4,60].

Ақын осы арқылы Құдайдың әділдігі түргысынан қарағанда, ешкімнің күнідан және соған лайықты жазадан аман қалмайтынын, тек рахымы түргысынан қарағанда ғана, жарылқауға ие бола алатынын жеткізген. Бұл – Қожа Ахмет Ясауи ілімінен алынған тағылым. Балмағамбет өлең-балладалары мен дастандарындағы пайғамбарлар, әулиелер өмірінен алынған гибаратты мысалдардың барлығы да адамның діл тазалығына қажет шарттарға тікелей қатысты.

Балмағамбет шығармалары тек рухани іліммен ғана емес, ғылымқалмен де байланысты. Оның ішінде фихқ мәселелерін де қамтитын кездері аз емес. Балмағамбеттің «Қырық парыз баяны», «Ауыру халде», «Халыққа хабарлау тәртібі», «Кебін жайы», «Мәйіт көтеру тәртібі», «Мәйітке топырақ оқып, дем салып қосу», «Өлікке істейтін қызымет баяны» деген өлеңдерде мәйіт жөнелту кезіндегі шаригат шарттары мен діни рәсімдер тәртібі тәтпілтей баяндалады. «Хадистерден назым» толғамасына кірген «Ауыру мал өлейін дең жатса, бауыздау тәртібі», «Рұхсат етілген тойлар», «Үйде отырып істейтін қызымет», «Қабір басындағы тәртіп», «Екі қатын алған пайғамбардың үмбеттері туралы» және «Құрбан кімге уәжіп?» өлеңдері фихқтың түрлі мәселелерін өзек етеді. Ал Қ.А.Ясауи мен оның жолын қуушы ақындар шығармашылығанда фихқ мәселелері арнайы түрде сөз бола бермейді. Мәселен, Қ.А.Ясауи хикметтерінде намаз жайында санаулы жерде ғана айтылады. Сондай себептермен сонылар құлшылыққа салғырт қараған деген қате пайымдаулар әр түрлі дәуірлерде пайда болып отырған. Бірақ, шын мәнінде, шын сонылар барлық құлшылық түрлерін асқан жауашкершілікпен атқарған. Бұған Қ.А.Ясаудің: «Шайтан намаз оқып жатқанда уасуаса (азғырса) қылса, намаз қылуышының көңілі бөлініш, ойна басқа нәрселер келіш, рукуғ, сәждे, таспиқ және намаздың бүкіл шарттарын орындаі алмай, риядан да бетер жаман жолға түсіш, құлшылығы зая кетеді» [2,46], – деген сөзі дәлел бола алады. Олай болса, ұлы сонының өз хикметтерінде намаз және басқа құлшылықтарды өте аз сөз етуінің сыры неде деген сауал туындары шындық. Хақиқат жолында Алланың дидарын көру мақсат етіліп, бұл мақсат амалға айналған кезде, барлық құлшылық өз деңгейінде атқарылады. Сондықтан Қ.А.Ясауи мен оның жолын қуушылар діндегі басты мақсатты жырга қосып, имандылықты алдыңғы кезекте

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

уағыздады. Ал Б.Балқыбайұлының ясауда жолының өкілі бола тұра, бұл дәстүрден өзгеше шығармашылық сипат танытуы, яғни фихқ мәселелерін арнайы тақырып етуі заман талабына байланысты деп үғынған дұрыс. Кеңестік саясат қазақ қоғамын діннен алшактатып, ислами құлшылықтардың шарттары үміт бола бастаған тұста фихқ ілімінің де өзектілігі туындағы. Б.Балқыбайұлы да өз заманының перзенті ретінде қоғам сұранысымен есептесті. Оның үстіне, ақынға дүмшіе молдалардың шабуылы да осы мәселелер төңірегінде жасалған еді. Ақын шығармаларының жинағына жазған Қ.Игісіннің алғысөзінде жергілікті молдалардың бірінің оған кісі жерленбей тұрып құран оқығыны үтіп айып таққаны, Балмағамбеттің өз әрекетінің дұрыс екенін діни кітаптарға сүйеніп дәлелдегені баяндалған [4,11-12]. Осы сияқты жайттардың діни рәсімдер кезінде жиі қайталаныш, ел ынтымағына сына кіргізер залалын сезген ақын өз өлеңдерінде осының дұрыс шешімін айтуды жөн көрген сияқты. Дәл осы жайт туралы ол өз кесімін былай жеткізген:

Жуусыз жатқан халда ағзасы ашық,  
Жанына таяу болсаң, болмай қашық.  
Оқымақ жаһір аят мәкіруһ-дүр,  
Фалымдарғылым оқып, болған машық.

Оқыса кәлам шариф басқа жайда,  
Әлбетте өлгөн жанға болар пайды.  
Беті ашық һәм жанына жақын болса  
Макруһ – деп айтқаны осындайда.

Өлікті бір мекенге қойса салып,  
Оқысаң басқа орында құран алып.  
Зарар жоқ пайдасы көп екендігі,  
«Раддил мұхтарда» түр мағлұмданып [4,197].

Б.Балқыбайұлы өлеңдерінің дені діни мазмұнға құрылса, ол негізгі екі арнадан: сопылық ілім мен фихқ мәселелерінен тұрады. Жалпы алғаңда, ақын шығармаларының жанрлық, мазмұндық, поэтикалық өрекшеліктері сан салалы. Өйткені мұнда ауыз әдебиетіне және сопылық поэзияға, кітаби ақындарға тән дәстүрлілік, сонда-ақ эстетикалық бағдардағы жазба әдебиеттің жаңашылдығы қатар көрінеді.

Әдебиеттанушылық көзқарас тұрғысынан келгенде, Балмағамбет Балқыбайұлы шығармаларының жанрлық өрекшеліктері жайында арнайы зерттеудің зәрулігі сезіледі. Өйткені қазақ әдебиетіндегі сопылық поэзия терминдері әлі толық орнықпаған деуге болады. «Тахлил», «таспих», «салауат» сияқты т.б. атаулар діни термин ретінде қолданылғанымен,

сопылық поэзияның жанры ретінде пайдаланылмай келеді. Ал ясауя тариқатында ара зікірі кезінде оны сүйемелдеу үшін арнайы айтылатын діни өлең-жырлар болған. Шығыс тарихын зерттеуші, академик Михаил Евгеньевич Массон 1930 жылы Түркістанда өзі көрген ара зікірінің хикметтердің әндегі сүйемелдеуімен айтылғанын баяндайды [5]. Балқыбайұлының шығармалар жинағында «Салауат», «Хакиқат тәуба», «Taufiq бер өзің, Жаратқан» деген аттармен берілген туындылары ара зікірін сүйемелдеу үшін шығарылғандығын анық байқаймыз. Оны «Лә Иләһе Иллалла» көлиmasының редиф ретінде үздік-үздік қайталаныш отыруынан көре аламыз.

Ақынның көптеген шығармаларын баллада деп көрсетуге болар еді. Өйткені оларда балладаға тән сицаттың барлығы дерлік кездеседі. Баллада – Орта ғасырларда Францияда пайда болып, кейіннен Италияға тараған әдеби жанр. Ол махабbat мазмұнныңдағы халықтық би өлеңдерінен шыққан. Әуелгі кезде оның тұрақты өлшемі болған. XIX ғасырда лиро-эпикалық жанр түрінде Англия мен Германияда кең тараған. Бұл кезде тарихтағы соғыстар, трагикалық махабbat, қанды тартыстар жөніндегі аңыздар оның сюжеттік негізін құрады [6]. Алайда Балмагамбет туындылары баллададан тақырыптық тұрғыда ерекшеленеді. Бұларда пайғамбарлар өмірі өзек етілген. Осындай туындылар қатарында біз жоғарыда сөз еткен «Яхия ғалайссаламды» атауға болады. Сондай-ақ «Зікірия ғалайссалам», «Гайса ғалайссалам» сияқты туындылары да осы текстес. Демек ақынның бұл шығармаларына баллададан басқа лайықты жанрлық атау қажет. Бұл үшін Шығыс әдебиетінің жанрлар құрамын жетік білу керек болады. Алайда біз өзірше бұрын қалыптасып қалған термин-атауларды қолдана тұруға мәжбүрміз.

Осы сияқты қындық Б.Балқыбайұлының сюжетті шығармаларын саралауда да туындары сөзсіз. Ақынның мұндай туындыларының көбін жай «поэма» деп атай салу оқайға түспейді. Олардағы тақырып ерекшелігі тың атауды қажет етеді. Шығарма объектісі бұл дүние мәселелері емес, ахирет жайы болғандықтан, оны болек жанрлық түр ретінде қарастыру қажет-ақ. Дегенмен ахирет тақырыбын көтерген шығармалар қазақ әдебиетінде санаулы ғана. Бұл қатарда Шәді Жәнгірұлының және Мәшіһұр Жұсіптің «Ахуал қиямет» және Ақыт қажы Үлімжіұлының «Ахиретбаян» дастандарын айтсақ болады. Жырлаушыдан айрықша білімді талаң ететін тақырып болғандықтан да, бұл мәселеге көп адам бара алмайтыны белгілі. Сондай-ақ Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өмірін өзек еткен туындылар да тақырыптық тұрғыда ерекшеленеді. Шығыс әдебиетінде Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өміріне арналған шығаммаларды «сира» деп атау қалыптасқан. Осыған байланысты, Шәдінің пайғамбар өміріне арналған көлемді шығармасының аты «Назым Сияр Шариф» деп аталған. Хрестияндық ортағасырлық әдебиетіндегі «житие» немесе «агиография» деп аталатын шығармаларда

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

әулиелер өмірі баяндалады. Олардың орталық қаһармандары – дін үшін құресте табандылық көрсететін құрескелер, зұлым құштер мен қорқынышты мақұлыштарды жеңетін ержүрек батырлар, данышшандар [7]. Бұл жаңрлар тақырыптық тұргыда жіктелетін анық. Демек Б.Балмағамбетұлыныңң сюжетті туындыларының көбін «поэма» дей салу – келіснейтін іс. Бұған лайықты атауды да Шығыс әдебиетінен іздең дұрыс. Бұл мәселе тек Б.Балқыбайұлы шығармашылығына ғана емес, дін тақырыбында қалам тербеген барлық қазақ қаламгерлеріне қатысты, яғни ұлттық әдебиетіміздің ең өзекті мәселелерінің бірі. Бұл мәселені арнайы қолға алып, көп болыш шешу керек.

Ақынның рухани ілім тұргысында ғана емес, әдеби-көркемдік мәселеде де Қожа Ахмет Ясауи дәстүрін жалғастырушы болғаны анық. Ясауи хикметтеріндегі көптеген көркемдік тәсілдер мен құралдарды, образдарды Балмағамбет те өз шығармаларында сәттілікпен қолданған. Осы орайда ең алдымен ойға оралатыны – өміrbаяндық өлеңдер. Қожа Ахмет Ясауидің 2, 3, 4, 5, 6, 7 хикметтері өзінің дүниеге келген сәтінен бастап, қылуетке кірген 63 жасына дейінгі аралықтағы өмірін қамтыса, 1 хикметі туылмай тұрыш-ак кемелдікке жеткен рухы жайлы баяндейды. Ал 8 хикметінде қылуетке кірген кездегі халыңен хабар береді. Мұнда әулиелер сұлтандының нақты өміріне қатысты айғақтармен бірге, рухы кемел ташқан әулиенің езі ғана куәсі болған рухани халдер де қамтылады. Адам жасының әрбір кезеңін санамалай отырып, сол кезеңде қаңдай қызметтер атқарғанына көшілік алдында көркем сөз арқылы есеп беру дәстүрі Қожа Ахмет Ясауиге дейін де бар болатын. Тасқа жазылған «Күлтегін» ескерткішіндегі бас қаһарманнның жеті жасынан бастап дүниеден өткенге дейінгі өміrbаяны [8] осының нақты бір дәлелі. Қожа Ахмет Ясауи хикметтерінің ауызша кең тарауына байланысты, бұл дәстүр қазақ фольклоры мен әдебиетінде кең өріс алды. Тіпті ол халық ауыз әдебиетінің жаңры ретінде тың сипатқа ие болды. Бұл туралы Х.Досмұхамедұлының еңбегінен көре аламыз [9]. Балмағамбеттің «Өкініш» деген өлеңін өміrbаяндық өлеңге жатқызуға болады. Бұл туындыда автор дауасы жоқ көріліктің келгендігін, бойдағы күш-куатты алып қойғандығын айтыш, өткен өміріне шолу жасайды, оның босқа өткендейгіне өкінеді.

Жетпістен жасым кетті сексенге асып,  
Тоқырап шіркін көңіл, отыр жасып,  
Уақыт босқа өткізген ойға түсіп,  
Қасіретпен өкінем қатты сасып [1,318], –

дейді ол бұл өлеңде. «Ата-ана туралы» деп аталағын ұзақ толғауының бір бөлігінде де өміrbаяндық өлеңге тән сипат бар. Мұнда ол он жас шен алышы жас аралығындағы адам өмірінің кезеңдерін санамалап шығып, соның көбін өзінің ғапылдықпен өткіzetініне қынжылады [4,114-115].

Ақынның «Баба Машын һәм Ахмед» атты баллада текстес шыгармасына Қожа Ахмет Ясаудің өміріне байланысты айтылатын бір хикая өзек болған. Мұнда Хорасаннан шыққан Баба Машынның Түркістанда дінді бұзып жүрген Ахмет атты шайық бар деп естіш, оны түзу жолға салмақ ниетшен Түркістанға келгені, Қожа Ахмет Ясауи оны шәкіртеріне күшшен байлатып, 500 дүре ұрғызғаны, бірақ Баба Машын бір дыбыс шыгармағаны, 500-ден бір қамшы артық ұрған кезде ғана, жан даусы шығып, кепшірім өтінгені, бұдан соң Қожа Ахметтің бұл жағдайдың сырын Баба Машынның арқасына жабысып тұрган диодан деп түсіндіруі, Баба Машынның өз қателігін, адасқандығын түсініп, шайыққа шәкірт болғаны баяндалады. Ақын осы оқиғаны баяндаш болған соң, кәмілдікке жеткен ұстаздың аса қажеттігі, оны түсінбекендердің күні қараң екендігі, дін жолындағы ұстаздықтың жауашкершілігін молдығы және оған өзінің лайықты емес екендігі жайлы ғибратты ойларын айтады [4,280-282]. Шығарманың басында бұл хикаяның Юсуф Байфауыз (дұрысы – Юсуф Байзауи, бастырушылар тарашынан жіберілген қателік болса керек – Б.Қ) арқылы жеткені айтылғанымен, сонында берген түсініктегі оның хикметте бар екені көрсетіледі. Демек Балмағамбет бұл сюжеттік желіні Қ.А.Ясаудің «Диуани хикметінен» алған. Шынында да, «Диуани хикметте» дәл осы сюжет бар, ол хикметте кәмілдік дәрежесіндегі ұстаздызыз мұриттің ешбір хақиқатқа жете алмайтыны туралы ойға қызымет етіп тұр [3,196-198]. «Муршид болмай һар киз мурад табмадилар» [3,197], – деген түйін Балмағамбетте «Ұстасаң кәміл ұстаз етегінің (дұрысы «етегінен» – Б.Қ.), Жерінде қателескен болар дайын» [4,281], – деп жаңғырады. Балмағамбет одан әрі қарайғы сөзін өз замандастарына арнайды. Осындағы нәрселерден ғибрат алмаудың мысалы етіп өз өмірін көрсетеді. Осы тұста өзін барынша төмендетіп, күнәһар сипатында беретін сонылық таным тағы да бой көрсетеді. Ақынның бұрыннан бар сюжетті жырлай отырып, өз ойын қосуы, өз заманының шындығынан хабар беруі шығыстық нәзира дәстүрінің кейір қасиеттерін еске түсіреді.

Б.Балқыбайұлы шығамапшылығындағы Ясауи хикметтерінде бар тағы бір дәстүр – шыгармаға негіз болған Құран аяттарының қажетті тұстарда беріліп отыруы. Ясаудің өз хикметтерінің ішінде аяттарды жиі келтіріліп отыrsa, 25, 26 хикметтері негізінен Құран аяттарынан тұрады [3,174-175]. Балмағамбеттің шығармаларына да аяттар мен хадистер, қасиетті дүғалар көп қолданылған [4,85;197;198;210;216;217;218;250;227 т.с.с.]. Соңдай-ақ бұл екі шығармашылық иесіне ортақ қасиеттің бірі – мінажат мазмұнындағы шумақтар мен тармақтардың аса молдығы.

Балмағамбет шығармаларындағы Ясауи дәстүрі тек мазмұндық байланыс шен рухани сабактастықтан, бір сюжетті жарыса пайдаланудан ғана емес, көркемдік тәсілдер туыстығынан да аңғарылады. Олардың арасындағы реминисценциялық жалғастық – осының ең жарқын дәлелі. Фылыми әдебиеттерде «реминисценция» деп жазушының өзіне дейінгі әдеби

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

мәнбелерден жекелеген элементтердің айқын көрінбейтін дәрежеде пайдалануын, поэзия мен музыкадағы бөгде шығарманың дыбысын (отзвук) айтады [6, 352]. Балмағамбет туындыларында Ясауи хикметтері мен оның жолын қуушылардың, өсіресе, Абайдың шығармаларындағы кейбір тұстарды бұлыштыр түрде еске түсіретін көркемдік және бейнелеу құралдары жеткілікті. Соның бір-екі мысалын бере көтейік. Мысалы, Қожа Ахмет Ясаудің:

Бишект билиң бу дуния барча халқдин утер-а,  
Инанмағыл мальща бір күн қолдан кетер-а.  
Ата-ана, қарындаш қайан кетті фікір қыл,  
Төрг аяқлық чобан ат бір күн сәңа иетер-а.

(Шек келтірме, бұл дүние жарапандардың бәрінің  
басынан өтеді,  
Байлығыңа сенбе, ол бір күні қолдан кетеді.  
Ата-ана, туған-туыс қайда кетті, терең ойлан  
Төрг аяқты ағаш ат саған да бір күн жетеді) [10], –

деген хикметіндегі табытты ағаш атқа балау Балмағамбетте де бар. Бұл бейненің ұқастығы кездейсоқтық емес екені көміл.

Өлмейтін жан дүниеге келмеген.  
Кімдер қалды бұрынғылардан өлмеген.  
Су жүзінде бір-бір жүрген салынды  
Тоқтай алмай, келеміз ағыш селменен.  
Санаулы дем, өлшеулі күн біткен күн.  
*Табыт мініш, лахатқа кімдер желмеген* [4,100], –

(курсив біздікі – Б.Қ.) деген шумақтағы *міну*, жело етістігі табытты атқа балаудың күрделі көркемдік ассоциация арқылы берілген түрі. Балмағамбеттегі Ясауи дәстүрі тілдік құралдардан да жиі көзге түседі. Мәселең, Қожа Ахмет Ясаудіде «аса мол» деген ұғымды *дария* сөзі арқылы беру бар. Ясаудіде: «Андин сұнра дария болыб таштым, дослар» [3,197], «Он бириимда рахмат дария толыб тащды» [3,137], «Хақиқатни дариясиға батар, дослар», «Хақиқатни дариясими хатари куб» [3,189], – деген тәрізді осы балама қолданған жолдар көп болса, ол Балмағамбетте де осымен туыстал: «Дариясынан зұлматтың» [4,62], «Дариясынан рахматтың» [4,87;88], «Бақыты судай тасады» [4,57] – деген жолар аз емес. Екі ақында көркем бейне жасауда да ұқастықтар жеткілікті. Мансұр әл-Халладжды Қ.А.Ясаудің дәріптегеніндей, Балмағамбет те Мансұрдың жазалануына себеп болған «Ана әл-Хақ» деген сөзінің мәнінің терендігін жырға қосады, сондай-ақ Ясауи

сияқты Ҳаққа ғашық болғандардың халін Ләйлі-Мәжнұн бейнесінде береді [4,71]. Нәпсіні кейіштеу арқылы бейнелеу, адамиландырыш беру – Ясауи қаламына тән ерекшеліктің бірі. «Hy appasin алибан, Нафис бапшиға салибан» [3,203], «Набсиң сени бақыб турсаң нелар демас» [3,203], «Нафсини тебкил, нафсини тебкил, ай, баткарлар» [3,204], – деген жолдар соның дәлелі. Балмағамбеттегі «Нәпсінің көзін оймасаң» [4,116] секілді жолдар мен «Нәпсінің жауабы» атты өлеңі [4,146-147] осы дәстүрдің жалғастығы екені анық.

Адамның қабірдегі халін бейнелеуде Ясауи мен Балмағамбетте бейненің ұқастығы ғана емес, авторлық тұрғының үндестігі де бірден көзге шалынады. Ясауи: «Әлсіз болып жатқанда, періптегер кіргенде, «Мән рәббүк?» деп сұрағанда, не қылғаймын, Құдай-а» [11], – десе, Балмағамбет: «Мұңқір-Нәңқір келерде, Бере көр Алла амандық!» [4,78], – деп жалбарынады. Соңдай-ақ:

Өлейін деп жатқанда,  
Ауыру жаңға батқанда.  
Жан ашудың зардабын,  
Фаріп пенде татқанда [4,50-51], –

деген жолдар да хикметтен алынған мысалмен мазмұн жағынан да, тілдік қолданыс тұрғысынан да етene жақын. «Хикметтердің» Қазан баспасынан шыққан нұсқасындағы 88 хикметте баяндалатын көлима айтқан адамның аузынан ұптыш шығып, өзінің пайда болуына себеп болған адамға үздіксіз жарылқау тілейтін жасыл құс [11,109] туралы Балмағамбет те жырлайды [4,135]. Бейне жасау жолдарындағы мұндай байланыстардың мақсатты тұрде пайда болғаны айдан анық

Кожа Ахмет Ясаудегі теңеулердің басым бөлігі ислам әлемінде әйгілі тұлғалар есіміне қатысты болса, бұл – Балмағамбетте де аз кездеспейді. Мысалы, Ясаудегі: «Ғашық болсаң *Баязитдек* узиң сатқыл» [3,214], «Дидар учун жашни қурбан қылмағунча, *Исмагилдик* дидар арзу қылмаң, дослар» [3,186], «Муса сифат Тор тағида куриб дидар» [3,226], – деген сияқты теңеулер Балмағамбетте: «Біләлдай күнге қақташ, үрса қайтшау» [4,92], «Хатымдай сақылғың мәшін болса» [4,142] – деген сипатта жалғастық табады.

Ақынның Ясауи жолын ұстанған сопы-ақындардың көбінің шығармаларымен таныс болғаны, олардан да рухани және көркемдік тағылым алғаны сөзсіз. Мәселен, оның:

Дахия Ностың уәзірі,  
Асхаб, Қағап ерлері.  
Таудың тесік астында,

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Бүгінгі жатқан жерлері,  
Мәдінің болыш сардары,  
Ішінен шығар шерлери [4,62], –

деген жолдар Сұлеймен Бақырганидың «Ақырзаман кітабындағы» бағындалатын оқиғаларды еске түсіреді. Қожа Ахмет Ясаудің өзінен бұрынғы әдебиеттен, фольклордан алыш пайдаланған көркемдік тәсілінің бірі – айтыс ұлғісін пайдалануы болатын. Оның 50 хикметі Пейіш пен Тозақтың айтысын бейнелейді [3, 206-207]. Сұлеймен Бақыргани де өзінің ұстазының ізімен Пейіш пен Тозақты айтыстырады. Сонымен қатар оның өзінің ібіліспен айтысы, Рух пен Нәпсі айтысы туралы хикметтері бар [12]. Балмагамбет те осы ізben нәпсімен өзінің айтысын жырға қосқан [4,145-147]. 1913-1917 жылдары Қарнақ медірессесінде оқыған [4, 21-22] ақынның Қожа Ахмет Ясауи мен оның шәкірттерінің, өсіреле, Бақырганидың шығармаларынан мейірі қана сусындағаны, олардан таусылmas тағылым алғаны шұбәсіз. Сұлеймен Бақырганидың және басқа да Ясауи шәкірттерінің ұстазын дәріптегені сияқты Балмагамбет те ұлы шайыққа арнап мадақ жырын шығарған. Ол бұл турали:

Хожа Ахмед Яссави,  
Сәл саласы (силсала – Б.К.) сәл салам,  
Атын білген бар ғалам.  
Халафылық қылыш ол затқа,  
Сөз айтшайды бір көлөм [4,99] –

деп жырлайды.

Б.Балқыбайұлы адамдық һәм ақындық өнеге алған тағы бір ұлы тұлға – Абай. Бұған дәлел болардық белгілер ақын шығармашылығында мол. Оның:

Қазақша өлең жазған Абай ақын,  
Сары алтын сарыш етті еңбек хақын.  
Фалым бол, надан болма деп зарлады,  
Деген жоқ мынау алыс, анау жақын [4,282], –

деген сөздерінен Абай болмысын дәл бағалац, оны қаншалықты терен ұғынғанын көреміз. Реминисценциялық сабактастық бул жерде де аз емес. Мысалы, Абай:

Өлсе өлер, табиғат адам өлмес,  
Ол бірақ қайтыш келіп, ойнап-кулмес.  
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес [13], –

деп, тән тіршілігі токтағанымен, жаң өлмейтіндіктен, «өлді» деген сөздің абсолютті ақиқатты танытпайтындығын мегзесе, Балмағамбет те: «Өлді деген ат қойып, Бетінді бүркеп жашқанда» [4, 51], – дейді. Бұл жерде сөздік қолданыстың бір типтілігі ғана емес, танымдық туыстықтың барын да аңғару қыны емес. Абаймен реминисценциялық байланыс:

Өлгөнше кісі ақысын жеп көрмедім  
Бергенін ықыласымен жек көрмедім [4,146], –

дегендеге үйқас түрғысында көрінсе,

Кімдер білді, кімдер айтты,  
Опасыз дүние дегенді.  
Кім күйзелітті, кім өкінтті,  
Дүниеге келгенді [4,141], –

деген шумақта ырғақ пен үйқастан, риторикалық сұрақтан көзге шалынады.

Б.Балқыбайұлы діни және ақындық тағылым алған тағы бір шығармашылық тұлға – Шәді Жәңгірұлы. Ақын Шәді есімін бірнеше рет ілтишатпен еске алады:

Шәдінің неше түрлі назым сөзі,  
Үстазы рұхсат берген, демес өзі [1,333].

Шәдінің әрбір халық біледі атын,  
Істеген түркі тілмен ол қызметін.  
Халыққа оқайлатып «назым» айтты  
Кітаптың парсы, ғараш ұлағатын [4,282].

Шәді – қазақ әдебиетінде дін тақырыбында ең көп қалам тербеген ақынның бірі. Оның жоғарыда аталған «Назым Сияр Шәріш» туындысы өз түсында тек қазақ арасында ғана емес, көршілес халықтарға да кеңінен танымал болған. Балмағамбеттің оны: «әрбір халық біледі атын», – деп жырлауы сондықтан. Шәдінің «Ахуал қиямет», «Назым Сияр Шариф» атты дастандарының Балмағамбет шығармашылығына тигізген ықпалы зор. Мұны ақынның Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбар, оның сахабалары, отбасы мүшшелері, туыстары және басқа пайғамбарлар туралы жазғандары мен «Ахуалхаюм әл-қиямет» сияқты туындыларынан анық көре аламыз.

Шығыс әдебиетіне тән көркемдік өрнектер ақын шығармаларының әр түсінде көрініп отырады.

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Сахибі бұл кітаптың кәрі кісі,  
Кісінің танымасаң бәрі кісі.  
Пасыңтың, мұнафиқтың қас дұшпаны,  
Мұттаи мұхлисқа дәрі кісі.  
Тексерсөз шын аты Балмағамбет,  
Лақабы халық аузында «сары» кісі [1,10] –

деп шығарма соңында автордың өзін таныстырыруы – осындай дәстүрлердің бірі.

Балмағамбет туындыларында ауыз әдебиетіне тән сипаттар да жеткілікті. Ол, негізінен алғанда, өз шығармаларын халық поэзиясына тән қара өлең және жыр үлгісінде жазған. Жоғарыда келтірілген «Кімдер білді, кімдер айтты» деп басталатын, жазба әдебиеттің, әсіресе, Абай шығармаларының ықпалымен жазылған жекелеген шумақтарда болмаса, көп жағдайда қара өлең мен жыр түрін пайдаланған. Осы орайда, Балмағамбеттің өз туындыларын сурыш салып та шығарған кездері болғанын айта кету керек. Жазушы М.Сәрсекеев Қаныш Сатпаев туралы кітабында 1933 жылы Жезді тауында өткен кен барлаушылары ұжымының мәжілісінде Балмағамбеттің Қанышқа арнаш домбырамен өлең арнағанын айтты, сол өлеңнің мәтінін берген [14]. Бұл өлеңнің біраз бөлігі жыр үлгісінде шығарылса, соңғы жағы шептендік сөздердің ыргақтық-интонациялық құрылымын еске түсіреді:

Ұлытаудай ұлы жұрттан  
Алатайға аттанған.  
Жезқазганның асылын  
Армансыз-ақ актарған,  
Қаныш едің зор тұлға.  
Ен даланың сырласы,  
Жеті қат жердің мұндасы,  
Халқым тұған ер ұлға!  
Елін сүйіп еңбегін арнаған,  
Кендерін ашып, іздеуден тынбаған,  
Өнері озған ғаламат.  
Ей, Қаныш, арыстандай азамат!  
Ғұмырлы болып, тұғырда тұру –  
Біздерден саған аманат!..[14,302-303]

Бұл келтірілген үзіндінің 1, 9, 10, 12, 13 жолдарының буын саны шептендік сөздердің поэтикасына тән. Әрине, 7-8 буынды өлшемнен асып кететін жыр жолдары жыраулар поэзиясында да аз емес. Бірақ жырауларда мұндай жолдардың бәрінің соңғы бунағы 3 буынмен бітіп отырады. Ол 7-8 буынды

жыр үлгісімен осы тұргыда үйлесім табады. Ал соңғы бунақтың 4 немесе одан көп буыннан тұруы – поэзия мен проза белгілерін қатар жинақтайдын шешенендік сөздердің ыргактық өлшеміне тән. Балмағамбеттің бұл туындысының біз көрсеткен жолдары осылай аяқталған. Бұдан ақынның шешенендік өнерді де жақсы меңгергенін аңғарамыз. Балмағамбет өлеңдеріндегі ассонанс пен аллітерацияның молдығы да халық поэзиясының сипаттарын еске түсіреді. Ақын шығармаларындағы халық поэзиясына тән дәстүр өлең өлшемінен, дыбыс өuezділігінен ғана емес, жанрлық және көркемдік жақтарынан да арагідік бой көрсетеді. Оның көптеген шығармаларында толғау мен терме, арнау өлеңдерінің сипаттары бар. Мысалы, «Наданмен жолдас болмау» атты өлеңіндегі:

Тоқым салсаң тулар-ақ,  
Семірсе мәстек жемменен.  
Ауылдас, жолдас болмаңыз,  
Ақылсыз туған кемменен.  
Басыңа мүшкіл іс түссе,  
Азаматпен ақылдас,  
Аптылады көңілін,  
Жақсыменен қоссаң бас.  
Танып алар даныпшан,  
Жатса жерде гауһартас.  
Ақымақтан аулақ қаш,  
Даналярға жақынлас,  
Пейілі сараң наданың,  
Басынан тұман арылмас [4,283] –

деген жолдардағы дидактика және өмірдің түрлі мәселелері туралы ой түйіндерін теріп айту ерекшелігі халықтық термеге тән сипат екені күмәнсіз. «Болыстыққа талассың» деген өлеңінің соңы да терме түрінде біtedі [1,339].

Дегенмен Б.Балқыбайұлы шығармаларындағы жаңапылдық та аз емес. Ақын қаламына тән шеберлікті көрсететін өзгеше сөздік қолданыстары мен тың көркемдік тәсілдері оның өз заманындағы сөз өнерінің көшінен қалмағаның, қайта өзі тұстас ақындардың көбінен оқ бойы озық болғанын айқындейді. Жаңа заман талабына сай туған жазба әдебиеттің басты шарттарынан хабары мол ақынның шығармашылығындағы өзгеше қасиеттер оның мақсат-мұратынан, дүниетанымынан, өмірлік ұстанымынан көп хабар береді. Ол түркі жүртynna Қожа Ахмет Ясауи танытқан рухани ілімді өз заманына сай тілмен, көркемдік тәсілдермен жеткізуі басты мұрат тұтты. Өйткені қазақтың ұлттық менталитетінің қалыптасуында осы ілімнің орны ерекше екендігін және өз тұсындағы мүшкіл күйге түскен рухани ахуалды қайта қалына келтірудің, сыртқы экспанцияға қарсы тұрудың кілті осында

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

екендігін жақсы білді. Сондықтан оған алдыңғы кезекте мән берді. М.Горькийдің аузымен айтылған «Әдебиет – өмірдің айнасы» деген реалистік әдебиеттің басты сипаты Б.Балқыбайұлы шығармашылығында айқын көрінбеуінш де сырты осында. Себебі рухани ілімнің басты нысаны – бұл дүние емес, Жаратуштың сипаттары, сондай-ақ адамның ішкі әлемі және соған қатысты көзге көрінбейтін өзге әлемдер. Бұл – бір. Екіншіден, Балмағамбет өмір сүрген кезең шындығын, саяси жағдайға орай, «айна» ретінде көрсетудің мүмкіндігі аз болатын. Ал көріп отырган шындығын бұрмалау, саясатпен санаңың, жалған дәрілтеу – Ясауи жолының өкіліне мулде жат. Сондықтан ақынның бұл бағытта шығарма жазбауға бекінгені айқын сезіліп тұрады. Дегенмен оның заман шындығын көрсеткен аз өлеңдері «айна» қызыметін мұлтіксіз-ақ атқарған. Мәселен, «1933 жылғы зар» деп аталатын жалғыз шумақ өлеңінде қазақ халқының үштен бірін жалмаған аштық кезіндегі ахуал бүкілесіз бейнеленген:

Сиыр, қой былай тұрсың, кеже де жоқ,  
Қаз, тауық былай тұрсың, шөже де жоқ.  
Сары қымыз, қара саба, қайран халқым,  
Ашыған күбісінде көже де жоқ [1,338].

Кеңестік саясаттың келеціз кесіптері, өз заманының сүр-өңсіз шындығы ақынның өзге тақырыптағы туындыларында да арагідік бой көрсетіш отырды. Көп тұстарда осы жайттарды арайы айтуды көздемесе де, қаламгердің бүкілесіз көнілі, шынышыл ойы заман шындығынан еріктен тыс хабар беріп отыруға себеп болған тәрізді. Мысалы, «Хақиқат тәубе» атты тахлил-өлеңіндегі:

Науміт қоймас жаратқан,  
Сахарда тұрып зарласа,  
Ағып жасы көзінен,  
Ыңғыласымен парласа.  
*Бас кірлейтін мәжіліске*  
*Зорламай тұрып бармаса.*  
Сұхбатына ғалымның  
Кірісіңіз жармаса [4,85-86], –

деген жолдардың біз курсивпен бөліп көрсеткендері осындағы дәуір шындығын емеурінмен-ақ танытқан. Сонында адам жүргегін қарайтатын, кірлететін нәрсенің бірі – бос сөздің көп айтылуы. Бұл – кеңестік кезеңдегі бюрократиялық жиналыстардың басты ерекшелігі еді. «Зорлап барғызатын мәжілістер» де – Кеңес заманының ең айқын көріністерінің бірі болатын.

Бұдан автордың түпкі ойында ақиқатты бұрамалаш, саяси көзқарасқа бейімдеудің мүлде болмағанын көреміз.

Ақын шаригат жайын, дін және пайғамбарлар тарихын жырлаған шығармаларында да бұрынғы сүрлеумен кетпей, соны соқпақ ташқан. Бұл тақырыпта жырлаған алдыңғы ақындар, тіпті өзі үлті тұтқан Шәді де шағатайшылдыққа бой ұрса, Балмағамбет оны қазақ тілінің қаймағы бұзылмаған қасиетімен өрнектейді. Мұны да ақынның санағын түрде жасаған шығармашылық өрекеті деуіміз керек. Қазақ тілінің тазалығын сақтауға арнағы көңіл бөлгөн Абай көзқарасынан, баспасөз беттерінде осыны мәселе етіл көтерген алаш зиялыштарының еңбектерінен оның жақсы хабардар болғаны күмәнсіз. Сол себепті және жазғандарының өз тұстастарына барынша түсінкті болуын ойлаған ақын мұндай мәселелерде ескішілдікті қолайлы деп санамаған.

Оқырманның эстетикалық қабылдауына арнап шығарылатын жазба әдебиеттің, оның ішінде, лириканың өзіндік ерекшеліктерінің бірі – табиғат лирикасы. Кәсіби жазба әдебиетпен бірге, Ыбырай, Абай шығармашылығы арқылы қалыштасқан қазақ пейзаждық лирикасының дамуына Балмағамбет те өз үлесін қости. Ол туған жер табиғатын төгілдіре жырлайды.

Жоғары көтерілген таудың басы,  
Арша, ыргай, қайың, терек қабыргасы.  
Сылдырап жылғасынан ағар бұлақ,  
Сияқты мәлдіреген көздің жасы.  
Күндіз-түн тынбай аққан бұлақтары,  
Санасаң тоқсан тоғыз бар саласы [4,138].

Балмағамбет туындыларының тілдік көркемдігі де көз тартарлық. Ақын өлеңдерінде, өсіресе, айшықтау түрлері асқан шеберлікпен қолданылады. Сөздерді үнемдеу үшін көп сөздерді түсіріп айтту, сөздердің орын тәртібін өзгерте отырып, күнделікті қолданыста жүрген, қарапайым етістіктерден тың үйқас құраган кездे, бұл тәсіл шығармаға пырай беріп, құлшыртыш жібереді. Метафора мен символдың молдығы да ақын шеберлігінің бір көрінісі.

Дүниенің қызығын,  
Алдыңа жайып, жайнатып,  
Қызықтырып, қыздырып,  
Қаныңды қатты қайнатып,  
Жұттырмаққа қармақты,  
Ақ шабақтай ойнатып.  
Қараңғы көрге кірерсіз,  
Жарық болған ай батып,  
Рахат көрсе шыбын жан,

## Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...

Көрде де болыш, жай жатыш.  
Жарап еді бір күні  
Күн бітсе, бармақ шайнатыш [4,50], –

деген сияқты шағын түйдектер мен шумақтарда қарапайым әрі тосын көркемдік құралдар бір-бірімен жарыса қолданылып, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» жағдай туғызды. Мұндағы *ақ*, *жарық*, *қараңғы*, *шыбын* тәрізді жай және метафоралық әпшитеттер, *дүниенің қызығы* деген метонимия, *қармақ*, *ай* деген символдар, *жайып*, *жайнату*, *бармақ шайнату* деген етістіктерден айқын аңғарылатын кейінтеу, үшінші және төртінші тармақтардағы вертикальды және горизонтальды аллитерация, мұндай дыбыстық әуезділіктің бірнеше тармақты араға салып қайталануы, сегізінші қатардағы эллипсис, көп сөздердің үйқас пен көркемдік мақсат үшін орын тәртібінің алмастыра қоланылуы, *жайнату* және *бармақ шайнату* сияқты қарама-қайшы ұғымдармен берілген антитет ақын туындыларындағы көркемдік құралдардың молдығының және олардың әрдайым өзара сәтті үйлесім табатындығының дәлелі бола алады. Балмағамбетте мұндай мысалдар тіпті көп. Үйқас үшін инверсияны шебер қолдану және сөздік қосымшаларды арнағы түсіріш тастау немесе тыңдан қосып отыру – ақын қаламына тән өзгешеліктердің бірі.

Фафлет көрпе жамылып,  
Қыны жоқ жатардың.  
Бірінен өтпей мәз болдык,  
Толыш жатқан қатердің.  
Фашіл болмай достарым,  
Азығын сайла сапардың [4,86], –

деген жыр жолдарындағы үйқастардың барлығы дыбыстық үндестікten басқа да салмақты көркемдік міндеттер атқарып тұр. Атап айтсақ, *жатардың* деген үйқастың эллипсистік қызметі күшті. Мұнда *жатқан жағдайдың* деген сөз тіркесінің мағынасы бар. Оның үстіне, оның алдында тұрган *қыны* деген сөздің *шілдандай қындығы* деген тіркестің қызметін иеленіп тұрганын қоссақ, бұл жерде қанша сөз бен қосымшаның түсіріліп, үнемділік пен әсерлілікке септігін тигізгенін көреміз. Сондай-ақ етістікten жасалған бұл үйқасқа әдетте зат есімге жалғанатын ілік септігінің қосарлануы да жақашпа түр туғызған. Ал *қатердің сапардың* деген үйқастар символдық мәнге ие болыш тұр. Бұл үйқастардың тосындығы мен көркемдік қуатының күштілігі бола тұра, олардың күнделікті қолданыстан жиі орын алатын қарапайымдылығы – ақын елендеріндегі сиқырлы әсердің басты кілті. Бұл үйқастар осы үзіндідегі *көрпе* (метафора), *ғапіл* (метонимия) сияқты көркемдік құралдармен байланыса келе, өзгеше көркемдік кешен құраган.

«Мирас бол *ен салысу, сипті алысу*, Созылып жайды қанат әр тараңқа» [4,137] – дегендегі ішкі үйқас, оның кейіштеу төсілімен астасып кетуі де ақын шығармаларының эстетикалық қуатын барынша арттырып тұр. Мұндай тілдік құралдар тізбегі, дыбыс өуезділігі, үйқастың тың сипаты әрі құбылту түрінде келуі Балмағамбет шығармаларының өн бойында желі тартыш отырады. Тілдік құралдардың бұл тәрізді байлығы кәсіби жазба әдебиеттің өкілдерінде де сирек кездесетіндігін мойындау керек. Бұдан Балмағамбет Балқыбайұлының дәстүр мен жаңашылдықтың терезесін тең ұстағанын аңғарамыз. Онда сопы-ақындарға тән дәстүрді кие тұту да, кәсіби жазба әдебиет өкілдеріне лайық жаңашылдыққа саналы түрде ұмтылу да бар. Соңдай-ақ өзінен бұрынғы көркем әдебиеттің озық ұлғілеріндегі жетістіктерді игеру, оны сәттілікпен пайдалану шеберлігі – ақын таланттың танытатын сәттердің бірі.

Балмағамбет Балқыбайұлы шығармаларының дені қолданбалы мақсатта жазылған. Оның көп шығармаларындағы түскі ой – Жаратушыны танытатын, онымен қауышатын жолды көрсету. Автор мұндай тұстарда сопы-ақындармен үндеседі. Ал шарифат, дін және пайғамбарлар тарихын жырлауда кітаби ақындармен байланысады. Оның арнауға, термеге жақын өлеңдері халық ақындарының шығармашылығын еске түсіреді. Ақынның лирикасында Абай әсері де анық сезіледі. Өзінен бұрынғылардың еңбегін Балмағамбет кейде жанр, кейде образ, енді бірде көркемдік тәсіл түргысында үлгі етеді. Алайда ол дайын күйдегі көркемдік мазмұн мен шілшин шеңберінде қалмастаң, дәстүр аясында жаңашылдық жасап отырган. Оның негізгі жаңашылдығы портрет жасаудан, пейзаждық лирика тудырудан және тың тілдік құралдардан көрінеді. Ақын шығармаларының тілі бейнелеушілік және мәнерлеушілік құралдарға өте бай. Ол – өткен ғасырдың 30 жылдарынан кейінгі қазақ әдебиетінде Ясауи дәстүріндегі сопылық поэзияны дамытқан бірегей шығармашыл тұлға.

#### **ӘДЕБИЕТТЕР**

1. Балқыбайұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. II том. Хадис-назым (құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сезін жазған – Қ.Игісін). Алматы: Алаш, 2005, 167 б.
2. Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Йасауи. Көнілдің айнасы (Мират-ул құлуб) (дайындаған – Д.Кежетай). Анкара: Билиг, 2000, 15 б.
3. Иасауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет (Ақыл кітабы) (баспаға әзірлеп, қазакша аударғандар – М.Жармұхамедұлы, С.Дәүітұлы, М.Шағиғи). Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1993, 175 б.
4. Балқыбайұлы Б. Екі томдық шығармалар жинағы. I том. Хадис-назым (құрастырып, баспаға дайындаған, алғы сезін жазған – Қ.Игісін). Алматы: Алаш, 2005, 85 б.
5. Массон М.Е. Қожа Ахмет Йасауи кесенесі. Сәрсен Бек Сахабаттың ықшамдаған тәржімесі. Шымкент: Жібек жолы, 2000, 22 б.
6. Борев Ю.Б. Эстетика. Теория литературы: Энциклопедический словарь терминов. Москва: ООО «Изд. Астрель»; ООО «Изд. ACT», 2003, с. 54-55.

## **Б.С.Қорғанбеков. Б.Балқыбайұлы шығармашылығындағы...**

7. Словарь литературоведческих терминов (редакторы-составители Л.И.Тимофеев и С.В.Тураев). Москва: Просвещение, 1974, с. 83-84.
8. Қыраубаева А. Ежелгі дәүір әдебиеті. Алматы: Ана тілі, 1991, 19 б.
9. Досмұхамедұлы Х. Аламан (құрастырушылар, алғы сезін және түсініктемелерін жазғандар – Ф.Әннесов, А.Мектепов, Ш.Керімов). Алматы: Ана тілі, 1991, 24 б.
10. Қожа Ахмет Иасауи. Диуани хикмет. Алматы: Арыс, 2001, 22 б.
11. Иассауи Қожа Ахмет. Хикметтер. Алматы: Дайк-Пресс, 2000, 33 б.
12. Мәтбек Н.Қ. Сұлеймен Бақырганидің (Хакім Ата) әдеби мұрасы. Канд. дисс. авторефераты. Алматы: 2005, 11-12 б.
13. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. 1 т. Алматы: Жазушы, 2002, 161 б.
14. Сәрсекеев М. Қаныш Сатпаев. Алматы: Жалын, 1988, 302-304 б.

### **REZUME**

### **B.S.KORGANBEKOV (Shymkent) TRADITION AND INNOVATION IN PRODUCTS BAIMAGAMBET'S BALKYBAYULY**

Due to the constraint of a totalitarian regime, B.Balkybayuly works were not published until recent years. It is now appreciated that in this era of propagators Yasavi's teaching. As well he is a follower of poets, scribes and Abaevan tradition. Thanks to the rich artistic experience of the poet reached saturation innovation.